



## ПОЛИЦЕЙ, САҒАН МЫҢ АЛҒЫС!

**Демалыс күндері Солтүстік Қазақстан облысында Жергілікті полиция қызметінің сақшылары үшін жұмыс қыза түсті. Бұл жолы олар жолда омбы қарда батып қалған көлік жүргізушілеріне көмектесті.**

Мамлют ауданындағы Дубровное ауылының шетінде бірнеше көлік қар құрсауында қалған. Старомихайловка ауылындағы үйіне бара

жатқан жергілікті тұрғын учаскелік полиция инспекторы Әлібек Өсіповке қоңырау шалды. Ол жерлестеріне көмектесу үшін «ҚазАвтоЖол» АҚ

тракторларын шақырды. Қуанған ауыл тұрғыны жағдайды бейнежазбаға түсіріп, «Үш сағат тұрдық, әйтеуір, техника келді. Әлібекке мың

**Игорь МЕРЦАЛОВ,  
СҚО ПД Баспасөз қызметі**

алғыс!» деп ризашылығын жеткізді. Қызылжар ауданында қызмет-

тік көлікке мініп, тәртіпті қадағалап жүрген учаскелік инспектор Ақыл Байтеңізов Тепличное ауылында қалың қардан шыға алмай, батып қалған Петропавл қаласы тұрғынының «ГАЗель» автокөлігін сүйреп алып шықты. Ал учаскелік полиция инспекторы Бақтияр Амангелдиев Архангельское ауылындағы ата-аналарына демалысқа бара жатқан жас отбасының темір тұлпарын қалың қардан шығаруға көмектесті. Учаскелік инспектор Жамбыл Оралбаев қарда батып қалған Соколовка ауылы тұрғынының «ВАЗ-2109» көлігін шығарып алмақ болды. Бірақ жол талғамайтын Niva автокөлігі бар Виноградовка ауылының тұрғыны Андрей Пантюховты шақыруға тура келді. Ал Ресей Федерациясының Сургут қаласынан үйіне келе жатқан ақмолалықтың жолдан шығып кеткен Honda автокөлігін шығарып алу үшін полиция қызметкерлері Тамерлан Тастанбек пен Хамит Сәдуақасовқа жергілікті шаруа қожалығының директоры Виктор Редин трактор жіберді.

Hyundai көлігіне мініп, екі ересек баласымен Көкшетау қаласына бара жатқан ресейлік азамат «Астана-Петропавл» автожолының 346 шақырымында көктайғақтың кесірінен көлік тізгініне ие бола алмай, жол жиегіне түсіп кеткен. Көлік жол үстінен 10 метрдей жерге ұшып кетіп, қалың қарда батып қалған. Оны Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаменті Патрульдік полиция батальонының қызметкерлері Евгений Вишнеvский мен Алтынбек Омаров байқап қалды. Автокөлікті шығарып алу үшін жол тазалығын қадағалайтын ұйымның механизаторларына жүгінуге тура келді.

Бұл – жолдарда болатын оқиғалардың тек бір күндік көрінісі ғана. Осындай қиын кездерде бірінші болып көмекке келетін полиция қызметкерлеріне жұрт дән риза.

Полиция қызметкерлері жүргізушілерді автомобиль жолдарының жабылуы туралы хабарламаларды бақылап отыруға, қысқы жолдарда өте мұқият болуға шақырады.



**Қанша шетелдік дактилоскопиялық тіркеуден өтті?**

» 3-бет



**Тұрғындармен – бір толқында**

» 4-бет



**Арнайы белгі орнатпаса – айыппұл**

» 5-бет



**Жорығы жасырын жасақтар**

» 8-бет



## ЖЕТІ КҮН



✓ Жыл басынан бері ішкі істер органдарының қызметкерлері 140 мыңға жуық әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесті. Сонымен қатар қоғамдық көліктегі заң бұзушылықтың жиілеп кетуіне байланысты Ішкі істер министрлігі ел аумағында «Тасымалдаушы» рейдтік профилактикалық іс-шарасы жүргізіліп жатыр. Шараның негізгі мақсаты – жүргізушілер мен жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

✓ Шымкентте 700-ден астам есірткі жарнамасы жойылды. Департамент бастығының бұйрығымен өткен «Stop-граффити» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында қала аумағында жалпы саны 731 есірткі жарнамасы жойылды. Есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестерді заңсыз насихаттаудың жолын кесу және жарнамаларды жою жұмысына 158 тәртіп сақшысы мен 342 ерікті жұмылдырылды. Шара барысында Абай, Әл-Фараби, Қаратау, Еңбекші және Тұран ауданы аумақтарында қабырғаларға салынған есірткі сайттарын жарнамалайтын жазбалар өшіріліп, оның орнына «Stop-граффити» таңбасы басылды.

✓ Павлодарда «Мас жолаушы» әлеуметтік эксперименті өткізілді. Полицияға «Көмектесіңіз, автобуста мас жолаушы бар» деген хабарлама түсті. Ашулы әйел қоғамдық көлік қозғалысының бағытын хабарлады. Келесі аялдамада полицейлер «көңілді» жолаушыны күтіп алды.

– «Тасымалдаушы» шарасы аясында біз әлеуметтік эксперимент жүргіздік. Мас адамның кейпіне енген адам қалалық көлікке кірді. Шартты бұзушы автобусқа кіріп, сыра іше бастады. Әлеуметтік эксперименттің қорытындысы бойынша тек кондуктор ғана мас адамға көңіл бөлген, ол оның ескертулері мен қоғамдық тәртіпті сақтау туралы өтініштерін елемеді. Ал барлық жолаушылар актердің сыраны қалай ішкенін үнсіз бақылап отырды, – деді Павлодар қаласы ПБ бастығының бірінші орынбасары Арман Қаптаев.

✓ Солтүстік Қазақстан полицейлері «Новый свет» кинотеатрының әкімшілігімен келісім бойынша ерекше киносеанс ұйымдастырды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыс аясында көрермендер залына Петропавлдың 19 тұрғыны шақырылды, олар отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар үшін бірнеше рет жауапкершілікке тартылған. Оларға танымал «Дәстүр» кинофильмі көрсетілді. Отбасылық зорлық-зомбылық тақырыбының тыйым салынуы оның отандық кинода нашар зерттелгендігінде де байқалады. Ерекше көрермендерге эмоционалды әсер қалыптастыру үшін психологиялық-мистикалық триллер таңдалды. Ол зорлық-зомбылық құбылысын және оның психикаға зиянды әсерін зерттейді. Сондай-ақ фильмді көруді ұйымдастыруға «Аманат» партиясы облыстық филиалының Жастар қанаты – «Жастар рухы» өкілдері және СҚО «Халық ұрпағы» Ассамблеясы қазақ қауымының төрайымы Гүлбахша Мұсабаева да қатысты.

✓ Ақтөбелік полицейлер тас жолда қалған Қырғызстан азаматтарына көмектесті. 11 қаңтарда Хромтау аудандық Полиция бөлімінің Жедел басқару орталығына Самара-Шымкент автотолында шетелдіктер мінген автобустың жанармайы қатып қалғаны туралы хабарлама түсті. Аталған жерге полиция жасағы жіберілді. Автобуста Қырғызстан Республикасының азаматтары болды. Олар – екі жүргізуші және 37 жолаушы. Тоңып қалған жолаушыларды полицейлер жолда өтіп бара жатқан автокөліктерге отырғызып, жылыну үшін кемпингтерге жіберді, ал өздері жүргізушіге көліктің ақауларын жөндеуге көмектесті. Бірнеше сағаттан соң шетелдіктер полиция қызметкерлеріне алғыстарын айтып, сапарларын одан әрі жалғастырды.


## ІРІ ЕСІРТКІ ЗЕРТХАНАСЫ ЖОЙЫЛДЫ

**Полицейлер Алматы облысының Қазық ауылында синтетикалық есірткі өндіретін ірі зертхананы жойды.**

Арман БЕРІК

Есірткі өндірісін Алматыдан келген отбасылық жұп ұйымдастырған. Бұл үшін олар үй сатып алып, оның жанына зертханаға арнайы жабдықталған үй-жай салған. Зертхана тыйым салынған заттардың синтезі үшін толық дайындалған. Химиялық реакцияларға арналған агрегаттар, өндірістік сірінді және алынған есірткіні кептіру сәрелері орнатылған, қабырғалар жылу оқшаулағыш материалдарымен қапталған.

– Отбасылық жұптың қылмыстық әрекеттерінің дәлелдемелері ретінде полицейлермен екі зертханалық реактор, 100 келі синтезделген есірткілік ұнтақ тәріздес зат және есірткіні өндіруге арналған 800 литрден астам прекурсор тәркіленді. Осылайша қазақстандық қалаларға бағасы жеті миллиард теңге болатын, қатты әсер ететін синтетикалық есірткінің 550 мыңға жуық дозасы жіберілмеді. Топ құрамында аса ірі көлемде есірткі өндіргені



үшін ұсталғандарға мүлкін тәркілей отырып, 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы төніп тұр, – деді ҚР ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары Бақытжан Әмірханов.

Айта кетерлігі, 2023 жылдың желтоқ-

сан айынан Ішкі істер министрлігінің бастамасымен синтетикалық есірткіні өндіру үшін қолданылатын құрал-жабдықтың айналымына қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Бұл үшін 3 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылады.

## «ТҰРМЫС» ІС-ШАРАСЫ БАСТАЛДЫ

**Ішкі істер министрлігі «Тұрмыс» профилактикалық іс-шарасын бастады.**

«Сақшы-ақпарат»

Шараның мақсаты – отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды уақтылы анықтау, сондай-ақ, жеке профилактикалық жұмыстар жүргізу.

Іс-шара барысында мас күйде жасалған тұрмыстық қылмыстардың жолын кесуге ерекше назар аударылады. Жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарының есебін-

де тұрған және тұрмыста құқық бұзушылық жасауға бейім адамдарды, қолайсыз отбасыларды, сондай-ақ, өз міндеттерін орындамайтын және ішімдік пен есірткі пайдаланатын ата-аналарды тексереді.

Үкіметтік емес ұйымдардың Дағдарыс орталықтарында тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге құқықтық көмек көрсетіледі. Қолайсыз әлеуметтік орта-

дағы отбасыларды және зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды анықтау бойынша жұмыс жүргізіліп, оларға көмек көрсететін мобильді топтар құрылды. Ішкі істер министрлігі азаматтардан тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы хабарлауды сұрайды.

Полицейлер елімізде «111» сенім телефоны іске қосылғанын, оған қоңырау шалып, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету бағдарламалары туралы кеңес алуға болатынын еске салды. Сондай-ақ «102» телефоны да үнемі жұмыс істейді.

«Тұрмыс» республикалық профилактикалық іс-шарасы 15 қаңтардан басталды.

## ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРСАҢ, ҚАРАСЫН ТАППАЙСЫҢ

**Ел экономикасы үшін ауыл шаруашылығының маңызы зор. Қарапайым халыққа айтарлықтай зиян келтіретін мал ұрлығы қоғамда әлі де тыйылмай тұр. Мал ұрлығы елде кездесетін барлық ұрлық түрі бойынша қылмыстың үш пайызын құраған. Бүгінде малды ұрлау ауыр қылмыс түріне жатады. Бұл жөнінде апта басындағы брифингте сөз болды.**

Сүйкім АЯПБЕРГЕНҚЫЗЫ

Мал ұрлығының 75%-ы еркін жайылымда орын алады. Бұған тұрғындардың төрт түлігін қараусыз қалдыруы басты себеп болып отыр. Мал ұрлығымен күресті арттыруда Ішкі істер министрлігі тиісті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, заңнамалық және практикалық шаралар қабылдады. Нәтижесінде соңғы бес жылда мал ұрлығы 62,5 пайызға төмендеген. Былтыр 16,3 пайызға азайды.

Еске сала кетейік, мал ұрлығы ҚР Қылмыстық кодексінде жеке бап бойынша қарастырылған. Ұрлық үшін кінәлілерді 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы бекітілген. Осыған байланысты ІІМ ветеринариялық бақылау және жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері қатысатын кешенді жедел-профилактикалық іс-шараларды тұрақты өткізіп келеді.

Мәселен, былтыр республика аумағында «Мал ұрлығы» жедел-профилактикалық іс-шарасы төрт рет өткізілді. Тексеру барысында мал ұрлығына қатысы бар 450 адам, 75 қылмыстық топ құрықталды. Ұрланған 8,5 мың төрт түліктің 4,5 мыңы, яғни тең жартысы табылып, иелеріне қайтарылды.

Бұл қылмыс түрін негізінен бірнеше адамнан құрылған адамдар тобы жүзеге асырады. Мысалы, Алматы облысы ПД қызметкерлері төрт адамнан құрылған мал ұрлаушы топтың қылмыстық әрекетін ашкереледі. Олар өткен жылдың қыркүйек айынан бері 30-дан астам жылқы малын ұрлаған. Қылмыскерлер малды ауыр көлік түрімен тасымалдап отырған.

Мал ұрлығын болдырмау үшін ескеру керек қажетті нормаларды апта басындағы жиында

ҚР ІІМ Криминалдық полиция департаменті басқарма бастығының орынбасары Жандос Батырбеков тарқатып айтты.

– Мал ұрлығы дерегін азайту үшін малды қараусыз қалдырмау туралы үш жақты келісімшартқа отыру (Мал иесі – Әкімшілік – Малшы) керек. Одан бөлек, асыл тұқымды малды бақылау үшін GPS-трекерлерді орнату тиімді. Мал басын міндетті түрде таңбалау

қажет, бұл болашақта ұрланған және жоғалған малды іздеуге көмектеседі, – деп түсіндірді ол.

Бүгінде мал ұрлығы әрбір шаруаның мазасын алған түйткілді мәселеге айналды. Сондықтан төрт түлікті жымқырғандар үшін жаза қатаң.



## БАРЛЫҒЫНДА – БЕЙНЕКАМЕРА

**Елдегі 78 пенитенциарлық мекемеде 40 мың бейнекамера орнатылды.**

**Шұғыла ТҰРЛЫБЕК**

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ішкі істер министрлігі пенитенциарлық мекемелер мен қызметтік кабинеттерде, сондай-ақ, құқық қорғау органдарының барлық жедел-тергеу бөлімшелерінде үздіксіз жүргізілетін бейнебақылау жүйесін енгізді. Бейнебақылау жүйесі азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау мен қызметкерлердің іс-әрекеттерінің заңдылығын қамтамасыз ету құралы болып табылады.

Өткен жылдың желтоқсан айында

Жедел басқару орталықтарына, Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің ахуалдық орталығына және Прокуратура органдарына шығарылған. Ақылды жүйенің көмегімен түрмелер мен түзеу мекемелерінде қашып кетпек болудың үш фактісі анықталды, 23 суицидке жол берілмеді, топтық төбелес пен жаппай тәртіпсіздікке айналуы мүмкін тоғыз жанжал тоқтатылды.



да барлық Полиция бөлімдері мен Пенитенциарлық мекемелерде бейнебақылау жүйесін енгізу жұмысы аяқталды. Қызметтік кабинеттерде, дәліздерде және баспалдақ алаңдарында, сондай-ақ Полиция ғимараттарының периметрі бойынша жиырма тоғыз мыңға жуық бейнекамера, 78 пенитенциарлық мекемеде қырық мыңдай бейнекамера орнатылды. Ондағы бейнелер

Сонымен қатар камералардың арқасында ұстау режимін бұзу деректерін анықтау алты есеге өсті. Жалпы, 2023 жылы он бес мыңнан астам заң бұзушылық анықталды.

Сотталғандарға қатысты қызметкерлер тарапынан жасалған заңсыз әрекеттерге байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексерулер сегіз есе қысқарды.

## ІЗДЕУДЕ ЖҮРГЕНДЕР ҰСТАЛДЫ

**Жыл басынан бері Ішкі істер министрлігінің жедел қызметтері мен оның бөліністері іздеуде жүрген 58 қылмыскерді ұстады. Бұл жөнінде ІІМ Криминалдық полиция департаменті бастығының орынбасары Руслан Назаров мәлімдеді.**

**С. ТІЛЕПБЕРГЕН**

Ақтау полициясы жергілікті тұрғынды ұстады. Ол өткен жылдың қараша айында мас күйінде кафелердің бірінде орын алған жанжал барысында қала тұрғынын ұрып-соққан. Жәбірленуші ауыр

Елорда полицейлері қостанайлық әріптестерімен бірлесіп, 2020 жылы Астанадағы жобалық тұрғын үй кешенінде пәтерлерді




халде ауруханаға жатқызылған болатын.

Өзбекстанның Үшқорған қаласында жергілікті құқық қорғау органдары Алматы облысының криминалдық полиция қызметкерлерімен бірлесіп, екі адамның өліміне қатысы бар, іздеуде жүрген осы елдің азаматын ұстады. Ер адам 2012 жылы Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында жұмыс істеп жүріп, зейнеткерлердің үйіне заңсыз кіріп, оларды өлтіріп, ақша ұрлап кеткен.

инвестициялау және броньдау сылтауымен 144 үлескердің ақшасын иемденген ЖШС директоры мен құрылтайшысын ұстады. Қаскөй тағы екі басқа ЖШС басшыларымен бірге төрт миллиард теңгені жымқырған.

Соңғы аталғандар да бұрын ұсталып, қазір үстерінен тергеу жүргізіліп жатыр. Бұдан бөлек республиканың криминалдық полиция қызметкерлері хабар-ошарсыз кеткен 30 адамды анықтады.

## ЛОТО КЛУБТАРДЫҢ ОЙЫНЫ ОСЫЛДЫ



**Жалпы, ел бойынша 326 лото клуб қызметіне тосқауыл қойылды.**

**Арман БЕРІК**

Соңғы жылдары елімізде лудомания белең алуда. Бұл – құмар ойындарға патологиялық тәуелділік. Азартқа берілудің соңы әлеуметтік-материалдық құндылықтардың төмендеуіне, тіпті кейде қылмыс жасауға түрткі болуы мүмкін.

Ресми деректерге сәйкес, Қазақстанда құмар ойындарына салынған 350 мың адам бар. Олардың әрбірінің орташа қарызы шамамен 10 миллион теңгені құрайды. Ақша тігіп, тоқтай алмаудың салдары ерлі-зайыптылардың ажырасуына, құмар ойынға құныққандардың өзіне-өзі қол жұмсауына әкеп соғуда. Сондықтан бұл мәселе бүгінде өзекті және мемлекет назарында. 13 қаңтарда Ішкі істер министрлігі Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, Бас прокуратураның үйлестіруімен лотерея клубтарының атымен жұмыс істейтін заңсыз онлайн-казинолардың ірі желісін жойды. Ең ауқымды бірлескен арнайы операцияны жүргізуге Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің үш мыңнан астам қызметкері жұмылдырылды.

– Жедел әзірлеме орбитасында криминалитет өкілдері де болды, олар ойын мекемелеріне қылмыстық ықпал және қамқорлық еткен, сондай-ақ, лото клуб қызметкерлері мен клиенттеріне қатысты қылмыстар жасаған. Заңсыз ойын қызметінен басқа, VIP-клиенттерге интимдік қызметтерді ұйымдастыру, жеңгетайлық және есірткі заттарын пайдалану деректері тіркелді. Арнайы операция барысында полицияға 400-ден астам адам жеткізілді. Негізгі қылмыстық схеманы ұйымдастырған сегіз адам, оның ішінде алыс және жақын шетел азаматтары ұсталды, – деді ҚР ІІМ Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің басқарма бастығы Қуандық Алпыс.

Республика бойынша лото клубтарға 570 тінту жүргізілді. 23 бірлік атыс және травматикалық қару, 247 млн. теңге, 55 млн. Ресей рублі, 125 мың АҚШ доллары, компьютерлік техника, мобильді құрылғылар, сондай-ақ, басқа да заттай дәлелдемелер тәркіленді. Нәтижесінде елде барлығы 326 лото клуб қызметінің жолы кесілді.

Шетелден онлайн-казино тарататын серверлер анықталып, бұғатталды. Әкімшілердің ойын барысына ықпал етіп, реттеп отырғаны белгілі болды. Бұрын жүргізілген сараптамалар ұсталған адамдардың заңсыз әрекеттерін растады.

– Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында бір ғана өңірдің лото клубтарының ай сайынғы жиынтық табысы орта есеппен 300 млн. теңгені құрайтыны анықталды. Сәйкесінше еліміздің барлық өңірлеріндегі лото клубтардың табысы шамамен 6 млрд. теңгені құраған. Бұл ретте ақша қаражатының 70 пайыздайы шетелге шығарылған. Ұйымдастырушылардың біреуінің ғана банктік шотына ай сайын шамамен 900 млн. теңге түсіп отырған. Тергеуді ІІМ Тергеу департаменті Қылмыстық кодекстің бірнеше баптары бойынша жүргізуде. Фигуранттарға ұйымдасқан қылмыстық топ құру, оған басшылық ету және қатысу айыбы тағылуда. Басқа мәліметтер жариялауға жатпайды, – деді Қуандық Алпыс.

## ҚАНША ШЕТЕЛДІК ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ ТІРКЕУДЕН ӨТТІ?

**Жыл басынан бері сегіз мыңға жуық шетелдік міндетті дактилоскопиялық тіркеуден өтті. Сонымен қатар құжаттарды әзірлеу кезінде дактилоскопиялық тіркеуден жеті мыңнан астам қазақстандық ерікті түрде өтті.**


**«Сақшы-ақпарат»**

Саусақ ізін тіркеу – саусақтардың папиллярлық үлгілерінің құрылымдық ерекшеліктері туралы ақпарат алу. Мұндай тіркеу Халыққа қызмет көрсету орталықтарында жүргізіледі. Дактилоскопиялық тіркеуден 16 жасқа толған, Қазақстан Республикасы

азаматының жеке куәлігін және (немесе) паспортын алу үшін алғаш рет жүгінген, сондай-ақ, құжаттарын ауыстырғысы келген Қазақстан Республикасының азаматтары өз еркімен өте алады. Ал міндетті дактилоскопиялық тіркеуге 16 жасқа толған шетел-

діктер мен азаматтығы жоқ адамдар жатады. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 443-1-бабына сәйкес шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың міндетті дактилоскопиялық тіркеуден бас тартуы Қазақстан Республикасы аумағынан шығару түріндегі жазаны көздейді. Бұл рәсім адамның мүдделерін қорғау және оның заңды құқықтарын қамтамасыз ету үшін жүргізіледі. Егер адам құжаттарын жоғалтып алса, саусақ ізін тіркеу оларды қысқа мерзімде қалпына келтіруге көмектеседі.

Сонымен қатар оның көмегімен жеке тұлғаны тез арада анықтау мүмкіндігі бар. Мысалы, оның тиімділігін есте сақтау қабілеті нашар немесе есінен танып қалған азаматты тану кезінде байқауға болады. Қазақстан азаматтарының дактилоскопиялық деректері мемлекет тарапынан қорғалады.



## АНТЫНА АДАЛ АБАЙЛЫҚ САҚШЫЛАР

**Абайлық сақшылар антына адалдық танытып, қызмет барысында күрмеуі қиын түрлі істермен күресіп жүр. Олар жақынынан айырылғандарды бір-бірімен табыстырып, сүрінгенге сүйеу, қиналғанға демеу болып келеді. Абай облысы Полиция департаменті қызметкерлері өткен жылы ауқымды жұмыс атқарып, халыққа көп көмегін тигізген. Сөзіміз дәлелді болуы үшін оқырман назарына Шығыс сақшыларының күнделікті жұмыс барысындағы әрекетін ұсынып отырмыз.**

Гауһарай ЕСИМОВА

Өткен жылдың соңында Абай облысының полицейлері Семей қаласының ірі зауыттарының біріндегі кабель ұрлығының жолын кесті. Кабель құны 2,2 млн. теңгеге бағаланған. Абай облысы ПД Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері арнайы операция барысында зауыттың төрт қызметкерін ұрлық жасады деген күдікпен ұстады. Апта сайын қылмыстық топ зауыт аумағынан 30 метр тоқ өткізгіш мыс сымдарын заңсыз әкетіп отырған. Сондай-ақ өткізу орны да белгіленген. Металл сынықтарын қабылдау пункттерінің бірін тінту кезінде ұрланған заттар тәркіленді. Арнайы бөлімшенің жедел қызметкерлері екі ай ішінде қылмыстық топтың әрекетін ашкереледі.

Учаскелік полиция инспекторы, полиция лейтенанты Рымғали Жибраев жасөспірім қызды мас адамнан құтқарып қалды. Полицей учаскелік полиция пунктінде баланың айқайын естіп, дереу көмекке барған. Тәртіп сақшысы ер адамның қызды күшпен ұстап тұрғанын және оны үйлердің бірінің кіреберісіне сүйреуге тырысқанын көрген. Осыдан кейін учаскелік инспектор мас адамды ұстап, полиция пунктінде апарған. Қызды мас адам үйлердің бірінің жанынан өтіп бара жатқанында кенеттен ұстап алған. Медициналық куәландыруға сәйкес ұсталған адамның орта дәрежелі мас күйде болғаны анықталды. Учаскелік бөлімшенің уақтылы әрекет етуінің арқасында б-сынып оқушысы зардап шеккен жоқ. Осы дерек бойынша Абай облысының полицейлері сотқа дейінгі тергеу жүргізуде.

Абай облысы ПД Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының жедел қызметкерлері қаладан 200 шақырым жерде орналасқан шаруа қожалығында адам саудасымен айналысқан екі ер адамды ұстады. Олар Семей қаласынан психикалық аурумен ауыратын 50 жастағы адамды ұрлап әкетіп, жұмыс күші ретінде пайдалануды көздеген. Жәбірленуші үш апта бойы еңбек құлдығында болған. Күдік-

тілерге ҚР Қылмыстық кодексінің 128-бабы «Адам саудасы» бойынша қылмыстық іс қозғалды. Сонымен қатар Семей қаласы аумағында жедел-профилактикалық іс-шаралар жүргізудің нәтижесінде жезекшелікпен және жеңгетайлықпен айналысудың жеті дерегі анықталды.

Абай облысы сақшыларының жедел әрекет етуінің нәтижесінде жоғалған малшы мен табын көп кешікпей табылды. Оқиға былай болған.

Ауыл тұрғыны Жарма ауданының полициясына хабарласып, өзінің жұмысшысының 260 бас малмен жоғалып кеткенін жеткізген. Полицейлер ауа-райының қолайсыздығына қарамастан, тек Жарма ауданына ғана емес, облыстың көрші аудандарында да іздеу шараларын жүргізді. Нәтижесінде таңертеңгі сағат 09.00 шамасында 43 жастағы ер адамды жұмыс істейтін шаруашылықтан 15 шақырым қашықтықтағы жерден тапты. Белгілі болғандай, мал айдау кезінде ер адам қалың тұманның кесірінен бағытынан адасып қалған.

Павлодар қаласының тұрғыны ұзақ уақыт бойы әкесін көрмеді. Жас жігіт екі жаста болғанда, ата-анасы ажырасып кетіп, ол анасымен бірге Павлодар қаласына кеткен. Былтыр Қасиетті Ораза айында ол өзінің бала кездегі арманын жүзеге асыру үшін әкесімен кездескісі келген. Осылайша ол Семей қаласының полицейлерінен көмек сұраған. Әуезов Полиция бөлімінің учаскелік инспекторы, полиция капитаны Әділ Баймұрзин іздеу шараларын ұйымдастырып, әкесінің тұрғылықты мекенжайын анықтаған. Кейіннен оның әкесінің көрсетілген мекенжайда тұрмағаны, пәтерін сатқаны, сондай-ақ, шаруа қожалығына жұмыс істеуге кеткені белгілі болды. Учаскелік полиция қызметкерінің тиімді жұмысының нәтижесінде әкесі мен баласы отыз жылдан кейін қайта қауышты. Жас жігіт полицейлерге алғысын айтып, ризашылығын білдірген.

## ТҰРҒЫНДАРМЕН – БІР ТОЛҚЫНДА

**Әр тұрғынның тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін учаскелік полиция инспекторының қызметі маңызды. Халықпен күнделікті тығыз байланыста жүріп, олардың жақынына айналғандар бар. Солардың бірі – Семей қаласы Полиция басқармасы Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Дастан Бұланов.**

Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Дастанның әкесі де ішкі істер саласында көп жыл қызмет еткен. Рамазан Бұланов алғаш 1977-1996 жылдар аралығында Ақсуат аудан-



ында учаскелік инспектор, кейін аға учаскелік инспектор ретінде қызмет жасады. Ал 1996 жылы Семей қаласы Әуезов Полиция бөлімінде қызмет атқарып, 1998 жылы Семей қалалық Полиция басқармасынан Жасөспірімдерді тәрбиелеу жөніндегі бөлімнің бастығы лауазымынан милиция майоры шенінде зейнетке шықты. Қызығы мен шығарғы көп мамандықты таңдауына тәжірибелі әкенің кеңесі түрткі болыпты.

– Әкем ауылда өте сыйлы болды. Кішкентай кезімізде ауылда мәселе туындаса, барлығы әкемізге келіп ақылдасатынын байқайтынбыз. Көмек сұраған адамға арқашан қолындағы соңғы нанын беретін. Халық үшін қызмет етті. Әкемнің дәл осы қасиеті маған үлгі-өнеге болды, – дейді Дастан Бұланов.

### АЗЫҚ-ТҮЛІГІНЕ ДЕЙІН АПАРЫП БЕРЕДІ

Мектепті аяқтаған соң Дастан 2008 жылы Алматы қаласындағы

М.Есболатов атындағы ІІМ академиясына оқуға тапсырады. Мамандыққа деген сүйіспеншіліктің нәтижесінде ол академияны үздік тәмамдады. Оқуын сәтті аяқтаған Дастан Рамазанұлы Семей қаласы Полиция басқармасының Тергеу бөлімінде алғашқы жұмысына кіріседі. Қылмысты тергеудің қыр-сырына қаныққан Дастан өзінің қызығушылығымен әрі қоғаммен жақындықты одан әрі дамыту үшін 2016 жылы Семей қаласы Затон Полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы қызметіне ауысады. 2019 жылдан №11 учаскелік полиция пунктінде жұмысын ұйымдастыруға жауапты маман болып тағайындалады. Өзіне тапсырылған аумаққа қатысты ол:

– Маған қарасты Затон ауданы қаланың шеткері аймағында орналасқан. Мұнда барлығы 16 мың халық, 2600-дей жер үй бар. Таң атқаннан кеш батқанға дейін учаскелік пунктіндегі әртүрлі мәселе бойынша адамдар келеді. Олардың қойған сауалдарының 90-95 пайызын шешуге тырысамыз. Қазіргі кезде ІІМ-де қолға алынған сервистік полиция халықпен тығыз жұмыс жасау дегенді білдіреді, – дейді учаскелік полиция инспекторы Дастан Бұланов.

Учаскелік полиция инспекторы – қоғам арасында болатын түрлі мәселелердің алғашқы куәгері. Тұрғындардың мәселесін шешу үшін Дастан олармен жылы шырайда сөйлесіп, барлығын нақты түсіндіру қажет деген ұстанымды алға тартады. Алғысқа бөленген учаскелік инспекторға тұрғындардың сенімі мол.

– Біздің жұмысты тікелей бағалайтын – халық. Қоғамда өз қызметімен көзге алғаш түсетін де осы – полиция қызметкерлері. Менің арманым – адамдарға көмектесіп,

олардың тек алғысын алу, – дейді ол әңгімесін одан әрі жалғастырып.

Қызметіне адал Дастан Бұланов өз аумағына қарасты кейбір тұрғындардың азық-түлігін апарып беруге де көмектеседі. Ара-тұра қоңырау шалып, халдерін сұрайды. Қысты күні үйлердің ауласын қалың қар жапса, көмектесуге даяр учаскелік полиция инспекторының әрекеті тұрғындардың оң көзқарасын қалыптастырған.

### АЯҚ АСТЫНАН КИГЕН БРОНЖИЛЕТІ...

Полиция жұмысы кенет болатын тосын оқиғаларға толы. Әр түрлі оқиғамен бетпе-бет келетін Дастанның кейде қауіпті кездерге душар болатын сәттері де болған.

– Әкем әркез «Сақтықта қорлық жоқ» деп айтатын. Жұмыстан бөлек, өз денсаулығым мен қауіпсіздікке де назар аудару қажет екенін ескерткен.

Бір жылдары былай күндері кимейтін бронжилетті киіп, күнделікті жұмысқа кірістім. Күні бойы киіп жүруге салмағы ауыр еді. Бір күні белгісіз бірдеңе «Әйелін күйеуі ұрып жатыр!» деген күнделікті жиі кезітетін хабарлама түсті. Әріптесім екеуіміз жанжал болып жатқан үйге бардық. Ойламаған жерде кіреберіс есікке бізді күтіп тұрған күйеуі маған пышақты сұғып алды. Аяқ астынан киген бронжилетім осылай өмірімді сақтап қалды, – дейді Дастан Рамазанұлы.

Күнделікті қызметте қауіпті жағдайларға жиі кездесетін Дастан үйінен шығарда балаларының бетінен сүйетінін айтты. Өйткені, ел тыныштығын күзететін полиция қызметкерлерінің кешке өз отбасына оралуына толық кепілдік жоқ.

Адамдармен жұмыс жасау кезінде ең алдымен, оның мәселесін тыңдау маңызды. Тәртіп сақшысының тұрғындарға деректілік танытпай, арқашан жылы қабақ танытуы оның тұрғындардың сүйіспеншілігіне бөленуіне бірден-бір себеп болып отыр. Бұл – Дастан Бұлановтың қызметтік ұстанымы. Халық пен полиция арасында сенім болса ғана, қоғамда көп түйткілдің алды алынады. Жұртшылықпен байланысуда учаскелік полиция инспекторы Дастанның еңбегі көпке үлгі.

## ӘЛІБЕК ПАУЭРЛИФТИНГКЕ ҚАЛАЙ КЕЛДІ?

**Абай облысы Полиция департаментінде спортты жанына серік еткен қызметкерлер көп.**

Сүйкім АЯПБЕРГЕНҚЫЗЫ

Олар бос уақытын жаттығу залында, футбол алаңында, спорт клубында өткізеді. Күн сайын шеберліктерін шыңдайды.

– Маған әкем үнемі қолдау білдірді. Қайда жүрсе де, қасынан қалдырмайтын әкем маған спортқа деген сүйіспеншілікті сыйлады. Әкем спорттың тек дене жаттығуы ғана емес, сондай-ақ, оның өзін-өзі жетілдірудің тұтас философиясы екенін айтқан, – деді полиция капитаны Әлібек Джумашов.

Ол ішкі істер органында 2016 жылдан бастап қызмет етеді.

Алғашқы еңбек жолын Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданының Полиция бөлімінің тергеушісі қызметінен бастады. 12 жасында жапондық дзюдо жекпе-жек өнерін таңдап, кейін 15 жасында еркін күреспен айналысты. Осы жылдар ішінде ол өзіне жақын спорт түрін тапты. Әлібек күштік ұшсайысқа қызығушылық танытып, жоғары нәтижеге қол жеткізе бастады. Күштік ұшсайыс немесе пауэрлифтингтің көп жылдық тарихы бар. Әлібектің әкесі де бұл спорт түрімен жас кезінде айналысқан. Бала кезінен

күш жаттығулары рух пен ерік-жігерді нығайтуда қаншалықты әсер ететінін байқайды.

Күнделікті түрлі оқиғалармен бетпе-бет кездесетін полиция қызметкерлеріне спортпен айналысу қызметте туындайтын қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

– Өз-өзіңді тәрбиелеу – менің өмірімнің басты ұстанымы. Ішкі істер органдарының қызметкері ретінде мен белгіленген талаптарға сай болуға міндеттімін. Спорт – менің тәртіп саласында шымырлығым мен қайратымды шыңдауға көмектеседі, – деді Семей қаласы Полиция басқармасы штабының аға инспекторы, полиция капитаны Әлібек Джумашов.



# АРНАЙЫ БЕЛГІ ОРНАТПАСА – АЙЫППҰЛ

**Көпшілік бензиннен гөрі газбен жүретін көліктің үнемді екенін айтады. Бұған дәлел – бензинге қарағанда газ бағасының арзандығы. Тіпті газдың экологиялық тұрғыдан да зияны аз екені рас. Қазір елімізде газбен жүретін көлік көбейді.**

Экологиялық мақсатта көліктерге газ қондырғысын орнату мәселесі осыдан 6-7 жыл бұрын Парламентте де көтерілген еді. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Көлік министрлігі қолға алынған шара биыл 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Осы белгі арқылы жабық паркингтерге ереже бұзып кіріп кететіндерге тосқауыл қойылмақ. Ережені орындамаған жүргізушілерге 11 мың теңгеден аса айыппұл салынады.

автокөлік иелеріне арнайы әзірленген белгіні орнату бойынша ескерту жасады. Жаңа шара қауіпсіздік мақсатында енгізілген. Облыс бойынша 431 364 көлік бар, соның 67 056-сы газбен жүреді. Алдағы уақытта аталған ережені сақтамағандарға ҚР ӘҚБтК-нің 620-бабымен шара қолданылады. Бұл белгі жабық паркингтерге кірген кезде көлік оңай танылатындай етіп орнатылуы тиіс. Жаңа нормалар газбен жүретін көліктерді жабық тұрақ аймақтарында тұраққа

**Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ,  
Түркістан облысы**

оған артық қысымды реттеуге арналған арнайы клапан орнатылуы керек. Жүргізушілердің көбі мұны ескермейтіндіктен, суықтан жылы жерге кірген кезде газдың көлемі кеңейіп, жарылыс болуы мүмкін. Заң талаптары бұзылған жағдайда автокөлік иелеріне «Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу немесе орындамау» Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске сәйкес әкімшілік жауапкершілік жүктеледі. Егер пар-

екең. Яғни, бұл қызметке сұраныс өте көп. Мұндай орталықтар соңғы кезде көбейіп кетті. Бағалары да көлік қозғалтқышының көлеміне, цилиндр санына байланысты әртүрлі екен. Көлікке ең тиімді қондырғыны маған 150 мың теңгеден жоғары бағаға польшалық, 185 мыңға италиялық, 205 мыңға жоғары сыныпты италиялық қондырғыны ұсынды. Әрі бұл жеңілдіктермен белгіленген баға екенін, негізі, сапалы қондырғылардың бағасы 300 мыңға дейін баратынын айтты. Өздерінің орнату тәсілі заңдық тұрғыдан талапқа сай екенін, қажет болса, рұқсат беру құжаттарын алуға да көмектесе алатынын алға тартты.

– Газға қызығып жүргендердің көбі қауіптілік жағын ойлайды. Газдың қауіпті екені рас. Көпшілік арасында газ қондырғыларының жазда ыстықтан немесе суықтан жылы жерге кіргенде жарылып кетуі мүмкін екені туралы жиі айтылады. Бұл мүмкін емес. Себебі, газбен жүретін көліктің газ құятын бағы ұқыптылықпен, мұқият ойластырылып жасалған. Жол апаты болған жағдайда да үлкен қысымға шыдас беретіндей жасалған бак күн ыстығына жарылуы мүмкін емес. Ал күн суықта газ қатып қалады. Оның өзінде баллондағы газ емес, тек түтіктердегі газ қатып қалуы мүмкін. Сондай-ақ бұл мәселенің де шешімін табуға болады, гаражы барларға ешқандай қиындық тудырмайды, – деді Махат.

Елімізде газ бағасы бензинге қарағанда үш есе арзан. Осыған орай көпшілік көлігіне газ баллонын орнатуға құмар. Дегенмен,

пайым халық. Сол үшін құзырлы органдар газбен жүрген көліктермен емес, сол көліктерге газ қондырғысын қалай болса солай орнататын лицензиясыз орталықтармен күресуді қолға алмақ.

Көлігіне газ қондырғысын орнатып алып, қала тұрғындарына такси қызметін көрсетіп жүрген Мардан ағамыздың сөзіне қарағанда, бұл заң газ қондырғысын жаппай орнатудың алдын алмақ екен.

– Шынымды айтсам, мен көлігіме газды осыдан бес жыл бұрын 250 мың теңгеге орнаттым. Жасым келгендіктен, мені ешқандай жер жұмысқа алмайды. Сондықтан зейнетке шыққанша қала аумағында такси қызметін көрсетіп, бала-шағамды асырап жүрген жайым бар. Былтыр қалада газ тапшы болған кезде бензин құюға тура келді. Газбен жүргенде күніне 2000 теңгеге газ құятынмын. Ал бензинге көшкен кезде бір күнде 6000 теңгеге жұмсадым. Әрине, нәпақамызды көлікпен тауып отырған бізге газ тиімді, – деді Мардан ағай.

Заңдық тұрғыдан сауаты барлардың айтуынша, бензинмен жүретін автокөлік жүйесіне газ құрылғысын енгізу ережеге қайшы. Көп елдерде бұл заңсыз. Мысалы, жапондық көлік өндірушілерге, жергілікті өкілдіктерге газ орнату туралы өтініш жіберсеңіз, рұқсат етпейді. Өйткені, қауіпсіздікті де есепке алады. Сонымен, «Қондырғы іздемей-ақ, неге бірден зауыттан газға арналып шығарылған көлік сатып алмасақ?» деген оймен автосалондарға хабарластым. Қызығы сол, ондай көлік табылмады.



Түркістан облысы ПД Әкімшілік полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Алмасхан Тастанбеков аталған өзгеріс газ баллонды жабдығы бар автомобильдерге арнайы белгіні міндетті түрде орналастыруы қажет екенін айтты.

– Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2023 жылғы 24 қарашадағы № 466-нк бұйрығымен ҚазСтандарт әзірлеген ҚР СТ 1412-2017 «Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдары. Қолдану қағидалары» ұлттық стандартына толықтырулар жасалды. Өзгерістер 2024 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілді. Осы стандарт міндетті орындауға жатады. Өйткені, ол Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген Жол қозғалысы қағидаларында көрсетілген. Автокөліктерге газ қондырғысын орнатуда кейде тиісті қауіпсіздік талаптары орындалмай жатады. Мұндай көліктер адамдарға қауіпті болуы мүмкін. Осыған байланысты газ орнатылған автокөліктердің жабық тұрақтарға кіруіне тыйым салынған. Дәл осындай автомобильдерді анықтап, сәйкестендіру және мұндай тыйымдарды әкімшілендіру үшін арнайы белгі енгізілді.

Түркістан облысында 67 мыңнан астам көлік газ қондырғысымен жабдықталған. Газ баллон жабдығы бар көліктерге «GAS» жазуы бар сары теңбүйірлі үшбұрыш белгісін қою қажет. Аталған стандарт ҚР Ішкі істер министрі Ержан Саденовтің бұйрығымен бекітілген Жол қозғалысы ережелерінде көрсетілген. Осы ретте Түркістан облысының полицейлері көлік жүргізушілерін тексеріп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мәселен, тәртіп сақшылары облыс орталығында 100-ге тарта көлікті тоқтатып, оның ішінде газ баллонды жабдығы бар



қоюды тиімді бақылауға және тыйым салуға мүмкіндік береді. Бұл азаматтардың жалпы қауіпсіздігіне ықпал етеді. Ал ҚР ӘҚБтК-ның 590-бабы бойынша көлік құралын тіркеу туралы куәлікте қайта жабдықтау бойынша белгі болмағаны үшін айыппұл 15 АЕК-ні құрайды. Құқық бұзушылық анықталған кезде полиция қызметкері ҚР ӘҚБтК-ның 797-бабына сәйкес ұстау себебі жойылғанға дейін мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін алып қою арқылы көлік құралын пайдалануға тыйым салуға құқылы, – деді Алмасхан Мәмбетұлы.

Еске сала кетейік, автогазбен жүретін көліктерге паркингтерде тұруға тыйым салынған. Газ баллонын 85 пайызға ғана газбен толтыру керек. Қалған 15 пайызы бос кеңістік ретінде қалуы тиіс. Ал баллондарды жүз пайыз толтыру үшін

кингте тұрған автогазбен жүретін көлік жарылып, адам денсаулығына зиян келіп, ірі шығын келтірген болса, онда сол көліктің жүргізушісі қылмыстық жауапқа тартылады. Осы газ орнатылған көліктердің салдарынан жарылыстың орын алатыны қаншалықты рас екен білмек үшін арнайы газға арналған қондырғы орнататын орталыққа бардым.

Журналистік зерттеуімді тасаға қойып, күйеуімнің көлігіне қондырғы қойғысы келетінін, соған байланысты кеңес алғым келетінін айтып едім, өзін Махат деп таныстырған пысықай жігіт мән-жайды түсіндірді. Сөзіне сенсек, қазір көлігіне газбен жүретін қондырғы орнатушылар қатары көп екен. Керек десеңіз, кезегіміздің бүгін-ертең келе қоймайтынын ескертіп қойды. 10 күн бұрын жазылу керек

ешкім көлікке газ орнататын компаниялардың лицензиясы бар-жоғына мән бермейді. Былтыр елімізде көлігіне рұқсатсыз осындай қондырғы орнатқан 13 мың көлік анықталыпты. Оның ішінде сұйытылған газға заңсыз көшкендері де бар. Дәл қазір елімізде 400 мыңнан астам автокөлікке газ баллоны орнатылған. Бірақ құрылғылардың барлығы техникалық ережелерге сай келмейді. Сондықтан сұйытылған газбен жүретін көлікке тағылған белгі басқаларға оның қауіпті екенін ескертеді. Сонымен қатар жаңа талаптың газ баллоны зауыттан орнатылған көліктерге қатысы жоқ. Ал газ қондырғысын қолдан қойып, газбен жүретін көлік екенін білдіретін белгіні тақпаса, олар үш айлық көрсеткіш көлемінде айыппұл төлейді. Жалпы, көлігіне газ орнататындардың дені қара-

Сұраныс болмағандықтан, газбен жүретін көліктерге деген тапсырыс жоқ екен. Сатып алушылар болса, арнайы тапсырыс беріп алдыртуға болатынын айтты. Көлік сатушылардың айтуынша, жалпы үнемділігіне қарамастан, Қазақстанда газ қондырғысы орнатылған көліктердің өтуі қиындау. Сондай-ақ жолында қанша бекеттің барын білмей, газбен жүретін көлікпен алыс жолға шығудың өзі қауіпті. Соған байланысты да әзірге газдың пайдасын қала ішіндегі қоғамдық көліктер мен таксилер ғана көріп келеді. Өткен жылдың қараша айында газ тапшы болып, көлігіне газ құю үшін кезекте сағаттап тұрғандар да болды. Сол кездері сұраныстың артқанынан болар, газдың бағасы 3-4 теңгеге болса да қымбаттап үлгерді.



## АДАЛ БОЛ, АР САҚТА!

**Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №21 Түзеу мекемесі Өзіндік қауіпсіздік қызметімен бірлесе отырып, «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – баршаға міндет» атты арнайы шара өткізді.**

**Назгүл ИМАХАНОВА,  
№21 мекеменің кеңсе  
инспекторы**

Шарада Мемлекет басшысының 2022-2026 жылдарға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» тұжырымдамасының жүзеге асырылуы, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің парасаттылыққа тексерілуі немесе Integrity check тетігі туралы сөз болды.

Кездесу барысында мекеме бастығы, әділет подполковнигі Аслан Бахытбекұлы жеке құрам қызметкерлеріне қызмет бабын асыра

Сонымен қатар мекеменің жеке құрамына тәрбиелік мәні зор «Ловушка таракана» хроникалық деректі фильмі көрсетіліп, сол арқылы қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөнінде ой қалыптастырды. Бұл фильмде жемқорлықтың жетегінде кеткен ұчаскелік полицейдің ақша үшін жасаған қылмысы және



пайдаланудың соңы орны толмас өкінішке әкелетінін жеткізді. Әрбір мекеме қызметкері жемқорлыққа қарсы заңды назарға алып, жүктелген міндетті адал атқаруы тиіс екенін қатаң тапсырды.

соның кесірінен ұсталғаны жөнінде баяндалады. Мұндай жиындардың жеке құрам қызметкерлері арасында өтуі азаматтардың өз ісіне деген жауапкершілігін нығайтып, қызметін адал атқаруына себеп болары сөзсіз.

## АСҚАРАЛЫ АЛПЫС БЕС

**Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай тер төккен ардақты ардагерлерге құрмет көрсету – қалыптасқан игі дәстүр. Осы орайда Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Махсудхан Аблазимов өскелең ұрпаққа өнегелі ардагер, отставкадағы полиция полковнигі, Қызылорда облысы Полиция департаменті Ардагерлер кеңесінің төрағасы Серікбол Тұңғышбайды 65 жас мерейтойымен құттықтады.**

**Гүлжахан  
ҚАЙЫРБЕРГЕНОВА,  
Қызылорда облысы**

Серікбол Қуатбайұлы ішкі істер органдарында ұзақ жыл еңбек етіп, кәсіби шеберлігінің арқасында халық арасында зор беделге ие болды.

рында болған. Қызметте жүріп, 1994 жылы Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Алматы жоғары мектебін бітірген. 1993 жылдың наурыз айында



шемімен зейнеткерлікке шықты.

«Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін», «Ішкі істер органдарының ардагері», I, II, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен, «ІІМ-нің еңбегі сіңген қызметкері», «Үздік қызметі үшін», «Байқоңыр милициясына 40 жыл», «Қазақстан полициясына 15 жыл» төсбелгілерімен нағрадалып, бірнеше рет ҚР ІІМ-нің, ОІБ-ның, ОІД-нің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

2016 жылдың қазан айынан бастап Қызылорда облысы ПД Ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарып келеді. Қазіргі уақытта да Ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде алған бағытынан танбай, жас қызметкерлерге бағдар беріп, тәртіп сақшыларының қызметін жақсарту жолында бар күш-жігері мен қабілетін сарп етуде.

Департамент басшысы ардақты азаматқа алғысхат табыстап, халқымыздың игі дәстүрі бойынша иығына шапан жапты. Мерейлі мереке күні үлкен құрметке ие болған Серікбол Қуатбайұлы департамент бастығы мен барша қызметкерлерге шынайы ризашылығын білдірді.

Еңбек жолын 1980 жылдың қараша айында Қызылорда қалалық Ішкі істер бөлімінің №2 арнайы командатурасының милиционер-кезекшісі лауазымынан бастаған. Кейіннен КСРО ІІМ-нің Брянск арнаулы орта мектебіне оқуға түсіп, оны бітірген соң Қызылорда қалалық Ішкі істер бөлімінің Қылмысты іздестіру бөлімшесінің жедел уәкілі, аға жедел уәкілі, осы бөлімше бастығының орынбасары, бастығы лауазымда-

Қызылорда қалалық Ішкі істер бөлімі бастығының оперативтік жұмыстары жөніндегі орынбасары болса, араға екі жыл салып, осы бөлімнің бастығы деңгейіне дейін өскен.

Қызылорда облысы Ішкі істер басқармасының Криминалды полиция қызметінің бастығы, Қызылорда облысы Ішкі істер департаменті бастығының орынбасары лауазымдарын абыроймен атқарған. 2008 жылдың ақпан айында полиция полковнигі

## ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТҚА ҚҰРМЕТ

**Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының құрылған күнінен бастап оқу орнының өркендеуіне, кадрлық әлеуетінің жоғарылауына айтарлықтай үлес қосқан полиция полковнигі Дүйсен Лаукеновке институт бастылығы құрмет көрсетіп, ілтипат танытты.**

**Жанат БЕРДАЛЫҚЫЗЫ,  
ҚР ІІМ М.Бөкенбаев  
атындағы  
Ақтөбе заң институты**

Ішкі істер органдарының ардагері, полиция полковнигі Дүйсен Әшірұлы ҚР ІІМ Қостанай жоғары мектебінің Ақтөбе облысындағы филиалында ең алғаш ашылған күннен бастап қызмет етті. 2004 жылы ҚР ІІМ Ақтөбе заң колледжі бастығының Кадр және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымында жұмыс істей жүріп, зейнетке шықты. Бүгінде ардагер

ды тәрбиелеуде өз тәжірибесімен бөліскен ардагерге көрсеткен қолдауы үшін ризашылығын білдірді.

Өз кезегінде ардагер де өзіне үлкен құрмет көрсеткен институт бастылығына алғысын жаудырып,



немере-шеберлерінің ортасында бақытты ғұмыр кешуде.

Институт бастығының орынбасары, полиция полковнигі Сәлімгерей Иманғалиұлы жас мамандар-

жеке құрамға жылы лебізін арнады. Қызметтес болған әріптестерін, жұмыс барысындағы түрлі оқиғаларды еске алды.

## ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ – ҚОҒАМ ЖАРАСЫ

**Бүгінгі таңда мәселенің түп-тамырын табу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың себептерін анықтау маңызды екені күн сайын айтылуда. Бұл тек құқық қорғау органдарының жұмысы ғана емес, аталмыш мәселеге әлеуметтанушыларды, сарапшыларды, психологтарды және мемлекеттік органдарды, қоғамдық институттарды тарту қажет. Отбасылық және тұрмыстық зорлық-зомбылық қаржылық қиындықтармен, ішімдікке әуестікпен және нашақорлықпен, әйелдің материалдық жағдайымен тікелей байланысты.**

**Тамара ҚОРЖЫНБАЕВА,  
Қазақстан Республикасы ІІМ  
М. Есболатов атындағы  
Алматы академиясы**

Отбасы аясында жасалатын құқық бұзушылықтардың құқықтық және әлеуметтік аспектілерін талдау кезінде біз тұрмыстық қақтығыстар саласындағы негізгі қиындықпен қарсылық жәбірленушінің өз жағдайын ауырлатудан қорқып, зорлық көрсеткен адам жөнінде айтқысы келмеуі деген қорытындыға келдік. Көбінесе олар өздері үшін қорқып, үнсіз қалады.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу үшін 2009 жылы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерді қорғау, отбасындағы зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алу және тергеу тетігін көздейтін нормалар жазылған.

Заңнаманың соңғы өзгерістеріне сәйкес, полиция тұрмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеудің мәлімдемелік сипатына емес, анықтау сипатына көшті. Тараптарды қайта татуластыру мүмкіндігі алынып тасталды, әкімшілік (әкімшілік қамаққа алудың ішін анықталды) және тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершілік күшейтілді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа кінәлі адамдар «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 73-бабы бойынша жауапқа тартылуы мүмкін. Ал олардың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болған

кезде олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 106-бабы «Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру» бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады, бұл үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 107-бабы бойынша «Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру» бойынша кінәлі бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Егер біз шетелдік тәжірибеге жүгінетін болсақ, онда әртүрлі елдерде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін әртүрлі құқықтық шаралар қарастырылған. Сонымен қатар отбасындағы зорлық-зомбылыққа тыйым салу туралы заңдар қабылданды, құқық бұзушылар қатаң жаазаланды. Ауыр құқықтық салдар қорғаныс бұйрықтарын ұсынады. Бұл ретте сот құқық бұзушыға жәбірленушіге жақындауға немесе онымен байланысқа түсуге тыйым салатын қорғаныс туралы нұсқау шығаруы мүмкін. Егер тұрмыстық зорлық-зомбылық орын алған жерге барған полицияның дәлелдері жеткілікті болса, онда ол құқық бұзушыны қамауға

алуы мүмкін. Сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында сот құқық бұзушыға қаруды иеленуге тыйым салу туралы шешім шығаруы мүмкін.

Кейбір елдерде зорлық көрсетушілерге олардың мінез-құлқын түсінуге, қайта зорлық-зомбылықтың алдын алуға көмектесетін тиісті бағдарламалар бар. Мұндай елдер мемлекеттік қаржыландыру шеңберінде зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсететін коммерциялық емес ұйымдарға қаржылық қолдау, заңгерлік көмек, кеңес беру және баспана ұсынады. Шаралар кешеніне білім беру бағдарламалары, отбасындағы зорлық-зомбылық туралы ақпараттық кампаниялар кіреді.

Ең бастысы, мәселені жасырудың қажеті жоқ екенін түсіну керек. Егер сіз немесе сіз білетін адам осындай жағдайға тап болса, сіз дереу 150 сенім телефонына хабарласып, 102 және 112 жедел арналарына қоңырау шалыңыз. Сіз «SOS» мобилді қосымшасы арқылы фотосуреттерді, бейнежазбаларды және аудионы жібере аласыз. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары Әйелдер мен балаларға арналған мамандандырылған дағдарыс орталықтарына жүгіне алады. Онда оларға психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсетіледі.



# ЖОРЫҒЫ ЖАСЫРЫН ЖАСАҚТАР



**Ішкі істер министрлігіне қарайтын арнаулы жасақтарға айрықша міндет жүктеледі.**

Абай облысы Полиция департаменті жанындағы Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ пен «Арлан» арнайы жасағының да көтерер жүгі жеңіл емес. Қауіпсіздік кепілі саналатын Жылдам қимылдайтын арнайы жасақтың негізгі міндеті – қоғамдық-саяси, бұқаралық спорттық, мәдени-сауықтық іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету. Абайлық «СОБР» сарбаздарының арасында 80 спорт шеберлігіне үміткер, 12 спорт шебері бар.

Алдыңғы қатардағы «Арлан» ар-

найы жасағы қылмыспен күресте, ең алдымен, лаңкестік әрекеттерге қарсы тұрады. Сонымен қатар олар қарулы және аса қауіпті қылмыскерлерді ұстауда, кепілге алынғандарды босатуда, арнайы тапсырмаларды орындау барысында бастарын байгеге тігеді.

**Бетті дайындаған  
Г. Аманғалиқызы**  
(Суреттер Абай облысы ПД  
баспасөз қызметінен  
алынды)



Астана қаласы Полиция департаменті берген  
**Құрманғазы Ғазизұлы МУСИНОВТЫҢ**  
атына берілген жоғалған зейнетақы куәлігі  
жарамсыз деп танылсын.



**МЕНШІК ИЕСІ:**  
«Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер органдарының  
Медиа орталығы» ЖШС

Бас директор  
**Лаура ЖАКУПОВА**

**РЕДАКЦИЯ:**  
Шеф-редактордың м.а.:  
**Гауһарай ЕСІМОВА**

Тілшілер:  
**Раушан НАРБЕК**  
**Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН**

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді  
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды  
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес  
• Жылығар материалдағы фактілер үшін автор жауап береді  
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді  
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады.  
Басылым «Медиа-холдинг Египи» ЖШС Баспаханасында басылады.  
Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30  
Индекс: **65395**  
Таралымы: **23025**  
Тапсырыс: **№ 63**

**БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:**  
ИИК – KZ748560000000147459  
БИК – KСJBKZKX  
БИН – 051040005963 КБЕ-16  
«БанкЦентрКредит» АҚФ  
РНН 600900114533

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
010000, Астана қаласы,  
Майлин көшесі, 4/1.  
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,  
ішкі нөмір 115  
www.mediaovd.kz  
Эл. пошта: saqshy@mediaovd.kz